



Сыр бойы

4 шілде, бейсенбі 2024 жыл

№102 (20776)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ТАТУ КӨРШІ. СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС. БАСТЫ ОДАҚТАС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинді елорда әуежайында қарсы алды.

Президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің әнұрандары орындалды.

Президент, ең алдымен, шақыруын қабыл алып, елімізге мемлекеттік сапармен келгені үшін Си Цзиньпинге ризашылығын білдірді.

– Сіздің сапарыңыздың маңызы өте зор, ерекше деп айтуға болады. Қытай Халық Республикасы – тату көрші, маңызды стратегиялық серіктес әрі басты одақтас мемлекеттің бірі. Берік достыққа және өзара қолдауға негізделген қазақ-қытай қарым-қатынасы бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр. Мен мұны үлкен қуанышпен атап өтемін. Сіз Қазақстан мен Қытайдың

мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестігін нығайтуға зор үлес қосыңыз. Мұны жоғары бағалаймыз. Екі елдің ынтымақтастығын халықтарымыздың игілігі үшін жаңа деңгейге көтеру қажет деген бастамаңызды толық қолдаймын. Бүгінгі басқосуымызды осының айқын дәлелі деуге болады, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық бағыт бойынша қарқынды дамып келе жатқан қазақ-қытай ынтымақтастығының жай-күйін жоғары бағалады.

2-бет

/// КӘСІП

ТҰҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Арал ауданында тұқы өсіретін тоған балық шаруашылығы құрылды. «Арал Рыбторг» ЖШС басшысы Қуаныш Өмірзақов қазіргі уақытта 15 гектар аумақтағы 4 тоғанға балық жіберу жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлады.

– Маусым айында 7 млн 700 дана тұқы жіберілді. Күзге дейін тоғандардың ауданы 25 гектарға дейін ұлғайтылады, содан кейін қуаттылығы жылына 15-20 миллион шабаққа арналған инкубациялық цехты орнату жұмыстары басталады. Тауарлы балықтың алғашқы партиясын 2025 жылы алуды жоспарлап отырмыз, – деді Қуаныш Өмірзақов.

Жоба құны – 150 млн теңге, ал қуаттылығы – жылына 300 тонна. Кәсіпкер шаруашылықты дамытуда мемлекеттік қолдау шараларын пайдалануға ниетті.

Айта кетейік, саланы мемлекет тарапынан қолдау балық шаруашылығын дамытуға үлкен қызығушылық тудырды. Балық өсіру шаруашылықтары үшін салықтар 70%-ға төменде-

тілді, сондай-ақ салынған инвестициялардың 25%, жем-шөп құнының 30% мөлшерінде, шабақтарды, дәрілерін, балықтардың бағалы түрлерінің аналығын сатып алуға және балық өсіру биологиялық негіздемесін әзірлеуге жұмсалатын шығындардың 50%-ы көлемінде субсидия ала алады.

Балық шаруашылығы субъектілері үшін қаржылық қолдаудың бұл шаралары Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде қабылданды. Осы кезеңде саланы дамытуға 268,8 млрд теңге, тағы 340,5 млрд теңге бюджеттен тыс жеке инвестициялар бағытталатын болады.



/// ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕНГЕЙІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛЕ МЕ?

Бүгінде әрбір бесінші қазақстандық мемлекеттен әлеуметтік қолдау алады екен. Бұл туралы жуырда Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова мәлімдеген еді. Әлеуметтік кодекске сәйкес, келесі жылдан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейін орташа табысқа байланыстыру тетіктері пысықталатынын атап өтті. Оны кезең-кезеңімен іске асыру жоспарлануда.

Бүгінде ең төменгі күнкөріс деңгейі тұтынушы себетінің құны негізінде есептеледі. Алдағы жылы оны медиандық табыс деңгейіне байланыстыру көзделіп отыр. Бұл – шын мәнінде, кең таралған халықаралық тәжірибе. Ең төменгі күнкөріс деңгейі барлық негізгі жәрдемақылардың, сондай-ақ кедейшілікпен күресудің негізгі құралы – атаулы әлеуметтік көмектің мөлшеріне әсер ететін кедейлік шегін анықтау үшін негіз болып табылады.

Өзгеріс енгізілген жағдайда өмір сүру құны мен алушылардың болжамды санының өсуін де қамтамасыз ету қажет болары анық. Күнкөріс минимумы – атаулы әлеуметтік көмек, базалық зейнетақы, мүгедектік және асыраушысынан

айырылу бойынша жәрдемақы, басқа да әлеуметтік төлемдердің мөлшеріне әсер ететін көрсеткіш. Сондықтан бұл төлемдер әділ және жеткілікті болуы үшін олар өмір сапасының негізгі деңгейін шынайы көрсетуі керек.

Дегенмен, қазіргі уақытта оның көлемінің аздығына қатысты сын көп айтылып жүр. Кемшіліктер әсіресе, кедейшілікпен күрес бағытында байқалады. Мысалы, елімізде белгіленген кедейлік шегі халықаралық стандарттардан айтарлықтай төмен. Қазіргі уақытта ол күнкөріс минимумының 70 пайызын құрайды. Өткен жылдың соңында ол 38 092 теңгені құрап, аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмекті есептеуде қолданылады.

3-бет

/// БӘРЕКЕЛДІ!



ҚАЗАЛЫЛЫҚ ТҮЛЕК 139 БАЛЛ ЖИНАДЫ

Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу мөресіне жақындап қалды. Бұл – ұлағатты ұстаздардың сан жылғы еңбегінің жемісін көрер шақ. Шәкірт пен ата-ана үшін толғанысты сәт.

Бүгінгі күнге дейін оқушылары 100 балдан жоғары жинаған мектептер туралы ақпараттар жариялануда. Тестілеудің соңғы күндерінің нәтижесінде де жүздеген оқушы 100 балдан жоғары жинап, ұстаздары мен ата-аналарының үкілі үмітін ақтады. Ал кеше өңір бойынша ең жоғары балл Қазалы ауданында тіркелді.

Нақтырақ айтар болсақ, Ы.Алтынсарин атындағы №204 мектептің түлегі, «Алтын белгі» иегері Нұрболат Жұбатқан 139 балл жинады. Талапкерге сәттілік тілейміз.

/// САРАП

БАНКРОТТЫҚ ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ МА?

Бүгінде елімізде экономикалық белсенді әрбір екінші адамның басында несие бар. Несие алушылардың қатары көбеймесе, азырақ емес. Оны халықтың күнделікті азық-түліктің өзін несиеге алғанынан-ақ бағамдауға болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде «Қаржы жүйесінің тұрақтылығы ұлттық экономиканы одан әрі дамытудың кепілі екені белгілі. Экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артты. Оның мөлшері бизнесті несие-

леу көлемінен асып кетті. Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін» деп, халықтың кредитке деген сұранысының жоғарылап кеткенін тілге тиек еткен еді.

Расыммен, кредиттік бюроның

мәліметінше, жыл сайын кепілсіз тұтынушылық несиелер саны айтарлықтай өсуде. Әсіресе, тауар несиесі мен бөліп төлеу нарығында көрсеткіш жоғары екен.

Осы ретте «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң мақұлданып, борышы бар азаматтар өткен жылдың 3 наурызынан банкроттыққа өтініш бере бастады.

Заңнаманың басты мақсаты – азаматтардың борыштық жүктемесін азайту, өнімді экономикалық қызметті қайтару, әлеуметтік шиеленісті жеңіл-

дету және борыштар бойынша төлемдерді ынталандыру. Бұл бір жағынан алдағы уақытта несиесі бір халықтың санын азайтуы мүмкін. Десе де, борышкердің банкрот болып танылуының да өзіндік ерекшеліктері бар. Тарқатып айтар болсақ...

БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңнамада банкроттықтың үш рәсімі қарастырылған, бұл – соттан

тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Соттан тыс банкроттық – екінші деңгейдегі банкрот, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар немесе коллекторлық агенттіктер алдындағы міндеттемелерді тоқтату мақсатында борышкерге қатысты соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын рәсім.

3-бет

ТАТУ КӨРШІ. СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС. БАСТЫ ОДАҚТАС

– Қытай – біз үшін тату көрші ғана емес, жақын досымыз әрі уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз. Біз ортақ тарихтың, тату көршілік қатынастардың және өзара қолдаудың мызғымас құндылықтарына сүйене отырып, шын мәнінде үлгі етерлік мемлекетаралық қатынасты жолға қойдық. Жылдан-жылға өзара байланыстарымыздың мазмұны байып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Си Цзиньпин қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты.

– Құрметті Президент мырза, қымбатты досым! Менің сапарыма мән беріп отырғаныңызға ризашылығымды білдіремін. Сіз Мемлекет басшысы қызметіне кіріскен сәттен бастап реформалар мен елдің дамуын белсенді әрі мақсатты түрде ілгерілетіп келесіз. Ішкі және сыртқы саясатта тиімді шаралардың тұтас топтамасын қабылдадыңыз. Соның нәтижесінде еліңіздің жалпы қуаты мен халықаралық беделі айтарлықтай артты. Тату көрші ретінде біз бұл жетістіктерге шын жүректен қуанамыз. Былтыр екеуіміз Сиань мен Бейжіңде екі рет кездесіп, жаңа жоспарларды белгіледік. Сондай-ақ «алтын отыз жылдықта» қытай-қазақ қатынастарын қарқынды дамытудың негізгі бағыттарын айқындадық. Қытай Қазақстанмен арадағы қарым-қатынасты әрдайым стратегиялық тұрғыдан және ұзақ мерзімді перспектива деңгейінде қарастыратынын растағам келеді. Сондай-ақ көршілес елдерге қатысты ұстанатын өзіндік сыртқы саясатында Қазақстанға басымдық береді және Орталық Азиядағы маңызды серіктес ел санайды. Қытай-қазақ байланыстарын қамтамасыз етуде



біздің ерік-жігеріміз бен ұстанымымыз өзгермейді және конъюнктуралық ықпалға ұшырамайды. Қытай әрқашан Қазақстанға сенімді тірек болатынын мәлімдеймін, – деді ҚХР Төрағасы.

Бұдан кейін келіссөз ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің елімізге мемлекеттік сапарын Қазақстан мен Қытай арасындағы мәңгілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға деген ұмтылыстың айқын көрінісі деп бағалайтынын айтты.

– Қазақстан елдеріміз арасындағы тату көршілік пен ғасырлар бойғы достықты нығайтуға ерекше мән береді. Біз бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өзгелерге үлгі болатын және түрлі бағытты қамтитын мемлекетаралық ықпалдастық орнаттық. Біздің екіжақты қарым-қатынасымыз

дамудың жаңа «алтын кезеңіне» өтті деп нық сеніммен айтуға болады. Екі ел арасындағы байланыстар тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуға, халықтарымыздың әл-ауқатын жақсартуға зор септігін тигізіп отыр. Былтыр өзара тауар айналымы 41 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазіргі таңда 45 ортақ инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның жалпы құны – 14,5 миллиард доллар. Жобалар өнеркәсіп, энергетика, көлік-транзит, жасыл экономика, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларды қамтиды. Сонымен бірге, екі елдің мәдени-гуманитарлық байланыстары жандана түсті. Жоғары Мәртебелі Төраға, осы жетістіктердің бәрі Сіздің жеке қолдауыңыздың арқасында табысты жүзеге асқанын айрықша атап өткім келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қытайдың бейбіт бастамаларын

қолдайды. Сондай-ақ халықаралық құқықтың негізгі қағидалары мен БҰҰ Жарғысына негізделген әділ әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы жетекші рөлі мен елеулі үлесін жоғары бағалайды.

– Сіздің «Адамзаттың біртұтас тағдыры қоғамдастығын құру» туралы бастаманыңды конструктивті рухта қолдауға дайынбыз. Біздің «Біртұтас Қытай» саясатына қатысты ұстанымымыз өзгермейді. Сондай-ақ терроризм, сепаратизм және экстремизм секілді «үш зұлым күшке» қарсы күрес жөніндегі ықпалдастықты қолдаймыз. Қытайдың бүкіл әлем елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігін құрметтеуге шақыратын тұрақты ұстанымын бағалаймыз. Бүгінде Қытай Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі саналатынын бұған дейін де айттық. Өзара тауар айналымын еселеуге мол мүмкіндігіміз бар. Біздің елдің үкіметі осы мақсатқа жету үшін табанды түрде жұмыс

істейді. Қытай Қазақстан экономикасына салынған инвестиция көлемі бойынша жетекші орынға ие. Кейінгі 15 жылда оның көлемі 24 миллиард долларға жетті. Екі ел арасында визасыз режим күшінде. Қазір «Қытайдағы Қазақстан туризмі жылы» өтіп жатыр. Мұның бәрі елдеріміздің түрлі саладағы ынтымақтастығын нығайтуға тың серпін береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде ҚХР Төрағасы Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқанына тағы да қуә болғанын атап өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қазақ халқы анағұрлым қуатты әрі өркендеген жаңа Қазақстан құратынына сенім білдірді.

– Ежелгі «Жібек жолынан» тамыр тартатын елдеріміздің достығы мыңдаған жылдар бойы үздіксіз нығайып келеді. Дипломатиялық қатынастар орнаған 32 жыл ішіндегі ынтымақтастық нәтижесінде екі жақты байланыстарымыз мәң-

гілік әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің бұрын-соңды болмаған деңгейіне көтерілді. Оның арқауы – мәңгілік достық, өзара сенім мен ынтымақтастық. Халықаралық жағдай қалай құбылса да, достықты сақтауға ұмтылысымыз, сан қырлы ынтымақтастықты дамытуға деген табандылығымыз, негізгі мәселелер бойынша бір-бірімізді өзара қолдауға бейілділігіміз және ұлттық даму міндеттерін орындауға сеніміміз өзгермейтін рәсімдерге келеді, – деді Си Цзиньпин.

Бұдан бөлек, ҚХР Төрағасы Қазақстанның халықаралық аренадағы орта держава ретіндегі конструктивті ролін қолдады.

Кездесу барысында тараптар электронды коммерция, автомобиль мен автобөлшек өндірісі, көлік-транзит және логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, қаржы, туризм салаларындағы инвестициялық ықпалдастықты дамыту перспективаларын талқылады.

Екі ел басшылары сауданы инвестициялық ынтымақтастықты жаңадандыру үшін тиісті механизмдер бар екеніне тоқталып, Қазақстан мен Қытай үкіметтері қазір және келешекте бизнес-жобалардың табысты жүзеге асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін растады.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин өңіраралық кооперация мен мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастықты тереңдету жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Астанада Бейжің Тіл және мәдениет университеті филиалы мен «Лубань шеберханасының» ашылуын қолдап, екі елдің ғылым және білім салаларындағы байланыстарының кеңейіп келетінін айтып, екі елдің мүддесіне сәйкестігін айтты.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісіне «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттар Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбеновпен, «Ауыл» партиясынан сайланған депутаттар Серік Егізбаев, Жигули Дайрабаев, Ерболат Саурықовпен кездесті.

Кездесуде өңірде атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар талқыланды. Аймақ басшысы атқарушы органдар саяси партиялармен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсететінін атап өтті.

– Президентіміздің, Үкімет басшысының, Парламенттің қолдауымен ха-

лықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, инфрақұрылым объектілерін жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар іске асуда. Бүгінде облыс бюджеті 708 млрд теңгеден асты. Бар-жоғы 2 жылдан сәл астам уақытта 236,8 млрд теңгеге немесе 53,7 пайызға ұлғайды. Қаражаттың басым бөлігі халықтың игілігіне, әсіресе,

инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда. Бюджетті жоспарлауда әлеуметтік бағытқа басымдық берілді. 2022 жылы әлеуметтік салаға 275,3 млрд теңге бағытталса, 2024 жылы бұл қаржы 428,1 млрд теңгеге жетті. Өсім 152,8 млрд теңге, бұл – жалпы бюджеттің 63,9 пайызы. Оның ішінде білім беру саласына 307,9 млрд теңге, денсаулық сақтау саласына 22 млрд теңге, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыруға 44,9 млрд теңге, мәдениет, спортқа 53,3 млрд теңге қаралды.

Өткен 5 айдың қорытындысына қарасақ, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді. Өңірдегі мұнай қорының сарқылуды салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Өңдеу өнеркәсібіндегі өсім бойынша 2022 жылы өңір республикада 11-орында болса, 2023 жылы 1-орыннан көрінді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде, халық қалаулылары аймақта барлық сала бойынша қарқынды даму байқалатынын атап өтіп, облыс басшысының бастамаларына сәттілік тіледі.

БАСТАМАЛАР УАҚЫТ ТАЛАБЫМЕН ҮНДЕСУІ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанды аралады.

Алдымен өткен жылы пайдалануға берілген «Анаға тағзым» орталығына барды. Аналардың құрметіне бой көтерген орталық кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынды. Президент тапсырмасына сәйкес бұл ғимаратта «Әйелдердің креативті индустрия орталығы» жұмысын бастады. Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапары кезінде жаңа нысанның жұмысымен танысып, мұндай орталық жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаратынын айтты.

– «Анаға тағзым» орталығы ең алдымен тұрғындарға пайдалы болуы керек. Бастамаларына уақыт талабымен үндестіріп, жаңартып, жандандырып күнделікті жұмыс істеуі тиіс. Келушілерге жаңа идея, жаңа мүмкіндіктер ұсыну арқылы бағыты айқындала түспек, – деді аймақ басшысы.

Одан әрі Нұрлыбек Машбекұлы өткен жылы дербес мекеме болып құрылған «Теннис орталығына» барды. Еске салсақ, Мемлекет басшысының тікелей бақы-

лауындағы бұқаралық спортты дамытуға қатысты бастамаларды жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің қолдауымен мәдениет және спорт басқармасы жанынан теннис түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі құрылды. Қазір орталықта 297 бала спортпен тегін шұғылданып, халықаралық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Балалар мен жасөспірімдердің тенниске қызығушылығын арттыру үшін жазғы теннис орталығын қайта жаңғыртудан өткізуге қаржы бөлінетін болды. Жаңғыртылған орталық спорттың осы түрімен айналысуға ұмтылған талапкерлерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Алдағы уақытта қосымша үстел теннисі мен бадминтон бөлімшелері ашылады. Еске салсақ, Наурыз мерекесі қарсаңында Сыр өңірінде жаңа үстел теннисі орталығының құрылысы басталды. Әрі қарай облыс әкімі жуырда күрделі

жөндеуден өткен «Орталық бейітке» барды.

– «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Тұрғындармен кездесуде бейіт айналасын абаттандыру, кіреберіс жолын жөндеу туралы мәселе көтерілді. Бұл орынды күтіп-ұстаудан аруақтарға құрметіміздің деңгейі көрінді. Сондықтан осы жұмыстарды ұйымдастыруға жіті мән берілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Еске салайық, күрделі жөндеу жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен жасалды. Бейіт аумағы абаттандырылып, көгалдандырылып, кіреберіс жол салынды. Оған 110 млн теңге қаржы жұмсалды.

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Алпа сайын барлық елді мекенде өтетін сенбіліктерге мекеме, кәсіпорын қызметкерлері, еріктілер, жастар белсене қатысып, көркілету-абаттандыру жұмыстары атқарылууда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмірі оның кәсіби қызметімен тығыз байланысты. Рухани мәдениет пен білім, алған тәрбие адамның тұлғалық болмысын құрап, нәтижесінде оның іс-әрекетіне ықпал етеді. Данышпан ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби ар-ожданға жүгінген қоғамда заңдарға жүгінуге қажеттілік азаяды дегенге саятын тағылымды ой қалдырған. Ар-ождан бақылауын күшейту қазіргі қоғамдағы әр адамның тұлғалық болмысын жетілдіру бойынша саналы жаңғыруының басты шарты болуы керек.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ АЛТЫ ҚАҒИДАСЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында «Әлемді шынымен өзгертіңіз келсе, өзгерісті қарапайым нәрседен баста» деп бекер айтылмаған, яғни, отбасында береке болуын ойла, жұмыс орнында, үй-жайында, аулаңды ретке келтіріп, қоғамдық орында әдеп сақта» дегені өте өзекті мәселе.

Мемлекеттік қызметші азаматтардың мүддесін бөрінен жоғары қою тиіс және жүктелген міндеттемелерді адал орындауы – басты талап.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер қызметтік қарым-қатынас кезінде әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болғаны жөн. Ал, басшылар қарамағындағы қызметшілермен қарым-қатынас кезінде меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етуге, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша артықшылық көрсетпеуге тиіс.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің басты міндеттерінің бірі – қызметкердің мінез-құлқының және өзге адамдармен қарым-қатынасының оңды болуы шарт. Мұнымен қоса сыбайлас жемқорлықтың және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардан, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмаудың алдын алуы қажет.

Қызметтік әдеп адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану деген алты қағидатқа негізделеді.

Қызметтен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың

күмәнін тудырмауға міндетті. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып, өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екенін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмеуі, үлгілі мінез-құлқы ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып саналады. Кодекс талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау – әрбір қызметкердің қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарының бірі – қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну.

Құмар ойындарға шамадан тыс әуестік мемлекеттік қызметшілерді басқа заңсыз табыс көздерін іздеуге итермелеуі мүмкін. Өкінішке орай, бұндай фактілер де бар.

Ойшыл, ақын С.Сарайы:

«Ақыл кіріп,
қырықта әдеп білмесе –
«Адам» емес,
болар еді кім десе»

деп бекер айтпаған болуы керек.

Әуелден ата-бабаларымыз ар-абайды баға жетпес құндылыққа балаған. «Пайда ойлама, ар ояла!», «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрсемен озады. Одан басқа нәрсемен озым ғой демекші бәрі де – ақымақшылық...» деп ұлы Абай айттып кеткендей, адам үшін ар-ождан – бәрінен қымбат, бәрінен биік. Асыл сөздерді әрбір мемлекеттік қызметші көкейіне құйып, өмірлік ұстанымына айналдыруға тиіс.

М.ШӘКІРБАЕВ,
облыс әкімі аппаратының
әдеп жөніндегі уәкілі

ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕНҒЕЙІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕЛЕ МЕ?

Ресми статистикаға сәйкес, 2023 жылдың соңында табысы ең төменгі бөлшеден денгейінен төмен халықтың үлесі 5,2 пайызды немесе 1 миллионнан астам адамды құрады.

Ал Дүниежүзілік банк табысы орташа денгейден жоғары елдер үшін күніне бір адамға 6,85 доллар немесе айына 205,5 доллар кедейлік шегін белгілеген. Табысы орташа елдер қатарында Қазақстан да бар. Осылайша, Қазақстан көрсеткішіне сәйкес келетін жан басына шаққандағы ЖҰӨ бар елдер үшін кедейлік денгейін анықтаудың халықаралық эталоны Қазақстан Республикасындағыдан 2,6 есе жоғары. Адам басына тәулігіне 6,85 долларды құрайтын бұл көрсеткішке сүйене отырып, Дүниежүзілік банк 2022 жылы Қазақстандағы кедейшілік денгейін 16%-ға бағалады. Бұл ұлттық статистикадан үш есе жоғары.

Біздегі ресми деректер мен Дүниежүзілік банктің бағалауы арасындағы үлкен алшақтық түрлі пікір туғызатыны анық. Қалай десек те, елдегі кедейлік денгейін қайта қарау қажеттілігі байқалып отыр.

Ең төменгі күнкөріс денгейін медиандық табысқа байланыстыру ЭЫДҰ мен ЕО елдерінің тәжірибесіне сәйкес келеді. Мысалы, ЭЫДҰ елдерінде кедейлік шегі медиандық

табыстың жартысы, яғни, табысы одан төмен халық кедей санатына жатқызылып, жәрдемақы алатын мақсатты топқа саналады.

Өткен жылы елімізде жан басына шаққандағы медиандық табыс 73 883 теңгені құрады. Өмір сүру құнын немесе кедейлік шегін анықтау кезінде

орташа табыстың қандай үлесі ескерілетіні әлі жарияланған жоқ. Қазақстандағы медиандық табыс былтыр шамамен 182 мың теңгені құрайтын орташа табыстан екі есе аз. Бұған себеп – табыстың көбінің халықтың аз бөлігіне тиесілі болуы, яғни, елімізде теңсіздік көрсеткіші жоғары.

Теңсіздіктің экономика үшін де, жалпы қоғам үшін де теріс салдары қаншалық екенін түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Елімізде теңсіздік мәселесі бұрынғыдан да өткір болып отыр. Мұны Қазақстан Республикасында байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық жол беруге болмайтын

денгейге жеткенін баса айтқан Мемлекет басшысының мәлімдемелері де растайды.

Кейбір сарапшылар Қазақстан халқының жартысына жуығының жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі жамақтан төмен екенін айтады. Әрі бұл табыстың жартысынан көбі азық-түлікке жұмсалады. Сонымен қатар, елдегі дүние-мүліктің 60 пайызға жуығы халықтың 10 пайызына тиесілі екен.

Ұлттық статистика бюросы мәліметінше, медиандық табыстың 60 пайызынан төмен табысы бар халықтың үлесі былтыр 9,7 пайызды құраған. Бұл сол кезеңдегі кедейшілік денгейінен айтарлықтай жоғары болғанымен, Дүниежүзілік банк көрсеткіштерінен төмен. Қалай болғанда да, ең төменгі күнкөріс денгейін жаңаша есептеу жәрдемақы көлемін және алушылардың санын арттыратыны анық. Дегенмен, министрлік оны есептеуге қатысты әлі нақты мәлімдеме жасаған жоқ.

Егер медиандық табыс халықтың өмір сүру денгейін неғұрлым объективті түрде көрсететін болса, оны кедейлік денгейін есептеу үшін негіз ретінде пайдалану әділетті шешім болар еді.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



Фото: Ашық дереккөзден

1-бет

БАНКРОТТЫҚ ҚАРЫЗДАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛЫ МА?

Бұған өтініш беру үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және өтініш берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен (5,5 млн теңге) аспайтын міндеттемелер болуы керек. Сондай-ақ адамның атында ешқандай мүлік тіркелмегені әрі 12 ай бойы несие төленбеген болуы қажет. Оған қоса борышкерге қатысты банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу бойынша рәсімдер жүргізілген болуы тиіс.

– Жалпы соттан тыс банкроттыққа өтінішті 5 жылдан астам берешегін өтемеген қарыз алушы – жеке тұлғалар да жүгіне алады. Бұл ретте аталған шарттар мұндай борышкерге қолданылмайды.

Сондай-ақ алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алушы болып табылатын борышкер осы рәсімді қолдану үшін өтіп кеткен мерзімді есепке алмай өтініш бере алады. Рәсімді қолданғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі. Тағы бір ескеру кететін жайт, банкрот деп танылу үшін борышкердің қарызы барлық банктер мен займдарда 12 ай бойына төленбеген болуы тиіс әрі соңғы 12 айда айлықтан не қартадан ақша алынбауы керек. Сондай-ақ атында ешқандай мүлік болмауы қажет. Қазір әлеуметтік желілерде 1-2 ай төленбесе де болады деп жарнама жасап жүрген алаяқ көп. Оған алданып жатқандар да жоқ емес. Сондықтан бұл мәселеде сақ болған жөн, – дейді заңгер Мәулен Спанқұлов.

Ал сот банкроттығы – борышкердің мүлкілік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында борышкерге қатысты сот тәртібімен жүзеге асырылатын рәсім. Бұл ретте борышкердің мүлкі сауда-саттықта сатылады.

Осы рәсімде де борышкердің қарызы 5,5 млн теңгеден жоғары болуы тиіс. Ол 12 ай бойы төленбеген, борышкерге қатысты банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілуі қажет. Сондай-ақ 7 жыл ішінде соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімін қолдану фактісінің болмауы өтініш беру үшін негіз болады.

Егер жалғыз тұрғын үй кепіл нысанасы болса, кредитор оны сот банкроттығы барысында алып қоюға құқылы. Кепілдікте үй болмаса несие берушілер оны талап ете алмайды. Осы рәсімді қолдану барысында борышкерге мүлкікті иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау бойынша мәмілелер жасауға (қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру), шетелге шығуға тыйым салынады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – сот тәртібімен қолданылатын

рәсім, борышкерге оның төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қаржылық құқықтық және өзге де іс-шаралар қолданылады. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру тұрақты табыс болған жағдайда сотта қарыздарды төлеуге 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігін көздейді. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі. Сауықтыру шаралары мыналарды қамтиды: мүлкіктің бір бөлігін сату, мүлкікті жалға беру, жаңа үй сатып алу арқылы тұрғын үй сату, құны төмен тұрғын үйге айырбастау және басқалары.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтініш беруді жоспарлап отырған борышкер үшін жалғыз шарт – қарыз мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүлкіктің құнынан аспауы керек.

Бұл рәсімнің ең басты артықшылығы – одан кейін адам «банкрот» мәртебесін алмайды, сондықтан оған

банкрот үшін көзделген салдарлар қолданылмайды.

БАНКРОТ БОЛҒАННАН КЕЙІНГІ ШЕКТЕУЛЕР ҚАНДАЙ?

Заң қабылданғаннан бері халық арасында «банкрот» деп танылған тұлға жұмыс жасай алмайды, кәсіп бастау мүмкіндігі жоқ деген секілді түрлі қауесет тарайды. Банкрот деп танылған адам бес жыл бойы кредит ала алмайды. Өйткені ол кредит аларда банкке өзінің банкроттығы туралы хабарлауға міндеттеледі. Бұдан бөлек, 7 жылдан кейін ғана банкроттыққа қайта жүгіну құқығы бар. Оған қоса банкроттықтан кейін 3 жыл ішінде қаржылық жағдайына мониторинг жүргізілетін болады.

– Жалпы банкроттық – несиеді кешіретін акция емес. Жеке тұлға банкрот деп танылған соң оған 3 жыл бойына қаржылық бақылау жүргізіледі. Егер адам мониторинг уақытында

өзіне жылжитын не жылжымайтын мүлік тіркеп, ол қарызының 30 пайызын құраса, банкрот статусы тоқтатылады. Оған қоса сот банкроттығын пайдаланса, банкрот рәсімі аяқталғанша 6 ай көлемінде шетелге шыға алмайды. Сондай-ақ, бес жыл бойына кредит ала алмайды. Сондықтан әр азамат өзін банкрот деп жариялаудың алдында туындайтын ықтимал салдары мен шектеулер туралы ойлануы қажет, – дейді облыстық кірістер департаментінің басқарма басшысы Гүлмира Ерғанова.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Әлемнің бірқатар елі берешегін төлей алмай жүрген азаматтарына заңды жолмен арылуға мүмкіндік береді екен. Мәселен, Канадада адам берешегінен құтылу үшін бар мүлкің банкроттық туралы істі басқарушыға тапсырады.

Елдің әр провинциясында банкроттыққа өтініш беру тәртібі әртүрлі. Кейбір аудандарда азаматтарға өмір сүруге қажетті дүниелерді қалдыруға рұқсат етіледі. Мысалы, киім-кешек, жиһаз, тұрмыстық заттар, автокөлік, үй, отбасылық жәдігерлер, сақтандыру және тағы басқа.

Ал көрші Ресейде азаматтардың банкроттығы туралы заң 2015 жылдан бері бар. Жеке тұлға арбитражды соттың шешімімен ғана банкрот деп танылады. Бұл ретте кредитін үш ай бойы төлемеген және кредитор алдындағы борышы 500 мың рубльден асатын (шамамен 3 миллион теңге) жеке тұлға банкрот атанады. Бірақ бұл жақта процедурасы бастау оңай шаруа емес. Себебі өтініш беру үшін қарызды төлей алмайтындығы дәлелдейтін көптеген айғақ қажет. Тек былтырдан бері бұл мәселе жеңілдетіле бастады.

АҚШ-та банкроттық институты XIX ғасырдың соңында пайда болған. Жеке тұлға өзін банкрот деп жариялау үшін борышкердің табысы заңмен белгіленген денгейден төмен болуға тиіс (әр штаттың өз көрсеткіші бар). Банкроттық процедурасы кезінде борышкердің мүлкі сатылады. Бірақ тартып алуға тыйым салынатын активтер де бар.

Айта кетері, АҚШ-та адамның барлық қарызы кешірілмейді. Мысалы, алимент, оқу кредиті, айыппұлдар мен кейбір салық берешегі, көлікті мас күйінде жүргізу салдарынан денсаулыққа келтірген зиянды өтеу бойынша төлемдер. Америкалықтар 8 жылда бір рет қана өзін банкрот деп жариялай алады.

Германия мен Францияда жеке зат, тозығы жетіп тұрған сәнді мүлкіктен басқасының бәрі (мұнда да үй сатылады) сатылымға шығарылады.

Халықаралық практикада банкрот болған адамға қойылатын шектеулер аз емес. Атап айтқанда, мұндай адамдар басқа елге шыға алмайды, коммерциялық практикада банкрот болған адамға қойылатын шектеулер аз емес. Атап айтқанда, мұндай адамдар басқа елге шыға алмайды, коммерциялық практикада банкрот болған адамға қойылатын шектеулер аз емес.

Осы жерде қызық деректерге тоқталып өтсек. Банкрот болған тұлғалардың ішінде әлемге әйгілі жандар бар. Мысалы, Дональд Трамптың өзі 6 рет банкротқа рәсімдерінен өтіпті. Сот оның бірнеше миллиард қарызын кешірген деседі. Бұл оның 2017 жылы АҚШ-тың 45-президенті атануына еш кедергі болмады. Сондай-ақ атакты Уолт Дисней, Голливуд жұлдыздары Николас Кейдж, Линдси Лохан, Джонни Депп, Ким Бассингер, танымал әншілер Майкл Джексон, Тони Брэкстон, боксшы Майк Тайсон, NHL, NBA жұлдыздары және басқа саладағы танымал тұлғалар өзін банкрот деп жариялаған.

СТАТИСТИКА СӨЙЛЕСІН...

Жалпы елде «банкроттық» термині кәсіпорынның толық күйреуін және жойылуын көзге елестетеді. Қалай десек те, елімізде 10 мыңға жуық қазақстандық банкрот деп танылды. Олардың жалпы қарызы 20 миллиард теңгеге жеткен. Банкрот деп танылған 944 борышкер мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек алатындардың санатында. Осы топтағы азаматтардың қарыз сомасы – 1 миллиард теңге. Ал банк алдындағы берешегін 5 жылдан бері төлей алмағандықтан, банкрот болған азаматтардың саны 5 мыңнан асады. Олардың қарызы 14 миллиард теңгеге жуықтайды.

Қалған борышкерлердің қарызы 5,5 миллион теңгеден асып кеткендіктен, банкрот деп танылған. Айта кетейік, былтыр наурыз айынан бері банкроттыққа 87 мың қазақстандық өтінім берген. Алайда олардың 67 мыңының өтінімі қанағаттандырылмады.

Облыс бойынша бүгінгі күнге жеке тұлғаларға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы 7195 арыз түсті (Қызылорда – 4008, Арал – 432, Қазалы – 219, Қармақшы – 794, Жалағаш – 338, Сырдария – 244, Шиелі – 477, Жанакорған – 683).

Оның ішінде 5772 (80,2%) арыз қанағаттандырусыз қалдырылған, 110 (1,5%) арыз қаралуда.

– Бүгінде 1313 жеке тұлға банкрот деп танылды. Оның ішінде 807-сіне банкрот статусы қойылған.

Сонымен қатар, жеке тұлға сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы 6 сот шешімі шықты, 3 арыз сотта қаралуда, 9 арыз қанағаттандырудан бас тартылды, – дейді басқарма басшысы.

Қалай десек те, банкроттық – несиеді кешіру не қарыздан құтылу үшін оңай жолы емес. Банкроттық дегеніміз – бұл қарызды төлей алмау деген сөз. Сондықтан әрбір борышкер өзін банкрот ретінде жарияламас бұрын мұндай шешімге байыпты қадаммен және үлкен жауапкершілікпен қарауы керек.

Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

1-бет

/// МЕРЕЙ

БАЛЫҚШЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Парламент депутаттарының аудан тұрғындарымен кездесу жиыны.

– Кімде қандай ұсыныс-пікір бар?

Залдан:

– Менде бар!

– Аты-жөніңіз?

– Балық шаруашылығының ардагері Арынғазиев Жылқыбай. Менің айтайын дегенім – аудандағы судың жағдайы, балықтың, балықшылардың жағдайы...

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында балық шаруашылығына байланысты облыстық сала басшыларының аудан балықшыларымен басқосуы өтіп жатты.

– Мәселе айқын, кімде қандай ұсыныс бар?

– Менде бар!

шаруашылығына баратын 20 шақырым жолды жаңадан салдыртты. Қосымша техника алып тоғандарды жөндеп, дамбыларын биіктетіп, қалыпқа келтірді. Сол жылдары еліміздің түкпір-түкпірінен студенттердің құрылыс отрядтары келіп жатқан. Облыстық атқару комитетіндегі Ыдырыс Қалиевтің көмегімен тоғанға 40 молдаван студент құрылысшы әкеліп, он үй салуды қолға алды. Осы жұмыстардың басы-қасында әрине, Жылқыбайдың өзі жүрді. Құрылыс біткеннен кейін бір үйді мектепке, бір үйді балабақшаға, сондай-ақ медпункт, дүкен, шаруашылық кеңсесіне бөліп беріп, қалғаны тұрғын үйлерге пайдала-

шатқаяқтап тұрған жылдар жайлы Жылқыбай Арынғазиевпен әңгімелескенімізде, ол өткенді былайша ойға оралтты:

– 1995 жыл ғой деймін, ауданға облыс әкімі Бердібек Сапарбаев келіп, әкімшіліктің мәжіліс залында актив жиналысын өткізді. Оған мен де қатыстым. Бір кезде облыс басшысы:

– Кімде қандай ұсыныс бар? – деді.

– Менде бар, – деп қолымды көтердім.

– Айтыңыз, – деді.

– Менің екі ұсынысым бар, – дедім. –

Біреуі, бізде «Сексеуіл-Түркістан» деген тоқылдақ пойыз болды. Ауданымыздың халқы, әсіресе аналар ала дорбасын аркалап сол пойызбен күн көретін.

Міне, осы пойыз тоқтап қалды. Арал халқының талабы – осы пойызды жүргізеніз. Екінші өтінішім, қазір теңізде камбала балығы бар, тұқымын Азов теңізінен әкеліп жібергенбіз, ол көбейді, аулайтын дәрежеге жетті. Сол балықты жаппай аулауды қолға алдыр-саңыз, – дедім.

Облыс әкімі «жақсы» деп жазып алды. Ертеңіне аудан әкімінің орынбасары Ахметулла

Ұмбетов: «Облыс әкімі шақыртып жатыр. Қызылордаға барасын» дейді. «Мен айтатынымды кеше айттым ғой» десем көнбейді.

Содан қасыма балық шаруашылығының маманы Зауалханды алып облыс әкіміне бардық.

Қазіргі теңіздің, ондағы балықтың және балықшылардың жағдайын – бәрін ретімен айттық. Сонымен камбала да ауланды, тоқылдақ пойыз да қайта жүрді. Міне, осылай болған, – деп бір тоқтаған-ды.

Ер еңбегі ескерусіз қалған жоқ, кезінде Қызылорда облыстық кеңесінің, Қазақстан Балық шаруашылығы және Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталып, Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Балық шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері» атағын алды. Сонымен бірге «Арал ауданының Құрметті азаматы» атанды.

Зайыбы Даража екеуі төрт ұл, үш қызды өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсіріп, бәрін де үйлі-баранды етті. Қолындағы Түгелбай мен Кәрімнен басқасының бәрі Алматыда тұрады. Бір-бір мамандық иесі, тіршіліктері түзу. Осы балаларынан немере-шөбере сүйіп, әулет ақсақалы атанған Жылқыбай Арынғазиевтің дәл қазіргі шақта теңіз бен балықтан басқа арманы жоқ. Кездесіп қалып «Ал әңгіме айты» десең, тағы да сол жолға түседі де, төгіле сөйлей жөнеледі.

Міне, «кімді айтсаң, сол келеді» дегендей, орталық алаңда аудан әкімдігінен шығып келе жатқан Жылқыбай Арынғазиев ақсақалды көріп қалдық. Алдын кеспей алыстан күтіп алып «Ассалаумағалейкүмімізді» айтып, жағдай сұрадық.

Бағыя қалпы. Түк өзгермеген. Тіктене қарап:

– Не жағдайды айтасың? – деді. – Теңізің анау, суың мынау, балығың құрыды, балықшы көшіп жатыр... Бітті... Бітті ғой. Осыны журналистер, мына сендер көтеріп жазуларың керек емес пе? – деп бізге ақыра сөйлеп, шақшиң қарады.

Не дейік, сәлем береміз деп сау басымызға сақина тілеп алғанмызға аңтанбадық. Сөйтті де әңгімесін қайта бастады.

– Мына Зауалхан екеуіміз облыс әкіміне хат жазып келе жатырмын. Сонда не айтты дейсіңдер ғой, Кіші теңіздің, көлдер жүйесінің аудандағы қазіргі жағдайын, су денгейінің түгел жаздық. Қамбаш, Ақшатау көлдерінде тоғанды балық шаруашылығын көптеп қолға алу, үлкен көлдердің жағалауларында балықты шарбақтап өсіру тәсілін қолға алу, жоғары тұздылыққа бейім камбала тәрізді балық түрлерін өсіруге ерекше көңіл бөлу, осылайша балыққа бақылауды күшейту, жана бастамалармен балықшылардың басқа жаққа көшуін тоқтату, ауданда балық шаруашылығын дамытуды мемлекеттен қаржыландыру жолдарын қарастыруды айттық, – деп көңіл шерін тарқатқан ол «мұным қалай?!» дегендей жайрандай қарады.

– Дұрыс болған, оң болсын! – деп біз де тілек қостық.

Көңілі жай тапқан Жәкен үйіне қарай тартты. Қол көтеріп, көлікке мінбейді. Салт атты сал жігіттей сексен бестің жалына жабысып сергек барады.

**Жұмабай ЖАҚЫП,
Қазақстанның Құрметті журналисі**



– Аты-жөніңіз?

– Арынғазиев Жылқыбай, өмірі балық шаруашылығында қызмет атқарған ардагермін. Менің айтайын дегенім, аудандағы балық шаруашылығының, судың қазіргі жағдайы... Айналайындар-ау, біттік қой, бұдан әрі төзуге болмайды. Осыған сәйкес менің 2-3 ұсынысым бар...

Оның осылай теңіз десе тебіреніп кететін, балық, балықшылар десе беймаза күй кешіп, байыз таппайтын әдеті бар. Әсіресе, тентек теңіз тартылған, бекіре, қаяздар көзден бұлбұл ұшқаннан бері Жылқыбайға осындай мінез пайда болды. Өйтпегенде ше, теңізден тірлігін, балықшылық кәсіптен бақытын тапса Жылқыбайға одан артық, одан қымбат не бар? Сондықтан да бүгінгі тартылған теңіз тағдырын, балық пен балықшылардың мұң-зарын Жылқыбай айтпағанда кім айтады? Олардың тағдырын, олардың мәселесін Жылқыбай көтермегенде кім көтереді?

Мергенсай өңіріндегі теңіздің бір түбегіндегі Тастүбектің ақшағы қуына 1939 жылы күндік қаны тамды. Сол теңіз жағалауындағы құмда балалық балдоуерен шағының ізі қалды, сол түбек алдағы үлкен арманына қанат бітіріп ұшырған ыстық ұясы болды.

Тоғызыншы сыныпты бітіргеннен кейін Құлмырза ағасы Жылқыбайға ертерек талап қылуды ескертіп, сол кездегі Гурьев қаласындағы балық шаруашылығы техникумына оқуға түсуге кеңес берді. Балықшы ауылдың баласына мұнан артық қандай мамандық керек?!

Техникумды үздік бітірген соң айдынды Аралына бірдей маман болып оралды. 1960 жылы «Аралбалық» комбинатында инженер болып еңбек жолын бастады. Осы комбинатқа қарасты Райым, Ақшатау, Аманөткел, Қосжар балық колхоздарының жұмыстарына жетекшілік жасап, елмен етене еңбек етті.

1964 жылы Жамбыл атындағы балық колхозы төрағасының орынбасары қызметін атқарып, ауылдағы балықшылар қауымының тірлігіне тікелей араласты. Жоғары білім алу мақсатында қызу тірліктің соңында жүрсе де, Жамбыл гидромелиоративтік институтын сырттай оқып, бітіріп алды. Қай қызметте болса да, қандай жұмыс тапсырса да адал атқарып, абырой биігінде жүрген Жылқыбайға тағы бір жауапты жұмысты сеніп тапсырудың кезегі келді. Ол Қызылорда балық өсіру тоғанды шаруашылығының директоры міндеті еді. Бұл директор деген аты дардай болғанымен, шаруашылығы шашылған, жұмысы жүрді, тұралаған тоған болатын. Сол кездегі облыстық партия, атқару комитеттерінің жауапты қызметкерлерімен тоғанды көрді. Не дұрыс жол жоқ, не су, балық та, баспана да жоқ, жырым-жырым тоған шаруашылығы еді. Бұл жұмысты жолға қою Жылқыбайға оңай тимеді. Мұндағы жағдайды облыстағы жауапты басшылармен төрт көзі түгел көрген соң, барлық атқарылатын мәселелерді бір жүйеге келтіріп, өз ұсынысын жасады. Алдымен тоған

нылды. Тоғандарды насоспен суға толтырды. Енді қалғаны балықты суға жіберу керек. Оны да сұрастырып көрсе, Түркіменстанның шеткі шекаралас ауданында балық тұқымын өсіретін арнаулы қоғамдық шаруашылық бар екен. Ұшақпен сол жаққа жол тартты. Айтуға оңай болғанмен, қаншама жол азабын тартып, 3 миллиондай балық тұқымын әкеліп, тоғанға төкті. Келесі жылы осы тоғаннан 1000 центнер балық аулап, жұмысының нәтижесін көрді. Бұл республика бойынша ең жоғары көрсеткіш болып бағаланды. Мұнда 3 жыл жұмыс істеп, қоғамдық балық шаруашылығының жұмысын жолға қойғаннан кейін 1975 жылы «Аралбалық» өндірістік бірлестігіне қайта оралды. Бұл уақытта Құдайберген Саржанов өндірістік бірлестікке бас директор болып келген кезі еді. Жылқыбайдың мұнда оралуына да оның ықпалы болды. Әрине, өз ортанда, өз жерінде жұмыс істеу кім-кімге де мәртебе ғой. Жылқыбай мұнда да бас маман, бас директордың орынбасары, бас инженер болып жоғары лауазымда аянбай-ақ қызмет етті. Арал, Қазалы және Ақтөбе облысында да «Қарғалы» қоғамдық балық өсіру шаруашылықтарын құрып, оларда да балық қорын көбейтуге тікелей басшылық жасады.

Ел тәуелсіздігін алып, нарықтық қатынасқа көшкен жылдары да, Арал балық өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары, бірлестік «Ақнұр» ЖШС болып қайта құрылғанда да осы серіктестік директорының орынбасары, кейіннен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында балық шаруашылығы жөніндегі маман болып қызмет етіп, зейнеткерлікке шықты.

Сырдария мен Әмудария өзендерінің суының азаюына байланысты теңіз суының тұздылығы көбейіп, бұрынғы балықтар өмір сүруін тоқтатты. Арал теңізі осылай өлі теңізге айналған шақта Жылқыбай Арынғазиев Арал балықшыларын атақесібінен қол үздірмей, ауданымыздан алыстағы Ырғыз, Зайсан, Балқаш көлдері мен Атырау облысының су бассейндерінен балықты көшіп аулауды ұйымдастырды. Мұнымен де шектеліп қалмай, Азов теңізінен тұздылығы жоғары суда өсуге бейім камбала балығының 20 мың данасын әкеліп, теңізге жіберіп, тиісті ғылыми жұмыстар жүргізді. 5-6 жылдан кейін бұл тәжірибе өз нәтижесін беріп, теңізде камбала балығын жақсы өсіріп жетілдіріп, оны өндірістік негізде аулауды ұйымдастырды. Мұны одан әрі дамыту мақсатында «Қаттегаттан Арал теңізіне дейін» деп аталатын Қазақстан-Дания елдері арасындағы халықаралық жоба өмірге келді. Осы жоба аясына Жылқыбай ауданның 20 балықшысын Данияға бастап барып, ол жақта камбала балығын өсіру, аулау, өңдеу жұмыстарынан жан-жақты тәжірибе алып қайтты. Кейін Даниядан арнайы мамандар, көптеген балық аулау құрал-жабдықтары, балықшы киімдері келіп, Арал балықшыларын камбала балығын аулау, өңдеу жұмыстарына үйретті.

Осы бір балық шаруашылығы

ЖОБА

«Қызылорда облысындағы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 тамыздағы №38 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. «Қызылорда облысындағы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 тамыздағы №38 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тілшілік бөлімінің тіркеу нөмірі) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қызылорда облыстық мәслихатының
2024 жылғы _____ № _____
шешімімен бекітілген

Қызылорда облысындағы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидалары

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысындағы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес өзгертуді және елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың тәртібін айқындайды.

Қағидалар мемлекеттік орман қоры үлескерінің және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалтатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй аумақтарында, саяжай үлескерлерінде өсетін жасыл екпелерге қолданылмайды.

2. Осы қағидалардың негізінде жергілікті атқарушы органдар елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын әзірлейді.

3. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) абаттандыру – сол немесе өзге аумақты құрылыс және мақсаты бойынша қалыптастыру пайдалану үшін жарамды жағдайға келтіру, халықтың дені сау, жайлы және мәдениетті өмір сүру жағдайына жасау мақсатында жүзеге асырылатын жұмыстардың (аумақтардың инженерлік дайындалу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолдарды салу, коммуникациялық желілерді және сумен жабдықтау, көрі, энергиямен жабдықтау құрылыстарын, жабдықтау құрылыстарын дамыту, монументті оңдау шаршн сәулеттік нысандары мен объектілерін орналастыру, қоғалдандыруды жобалау, су денгейін азайту, микроклиматты жақсарту, ауа бассейнін, анық су айдындары мен топырақты ластандыру қорық бойына) және көрсетілген қызмет (аумақтарды құрғақтау және қоғалдандыруға тазалау, жинау, санитариялық тазалау бойынша) жиынтығы;

2) ағаштарды кесу – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң) 2-қосымшаның 159-тармағына сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүзеге асырылатын ағаштарды кесу жөніндегі жұмыс;

3) ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу – уәкілетті орган айқындаған уәкелдерге жүзеге асырылатын ағаштар мен жасыл екпелерді қайта отырғызу жөніндегі жұмыс;

4) дендрологиялық жоспар – құрылыс салу аймағын ескере отырып, қоғалдардың, алаңдардың, жолдардың, су айдындарының ашық уәкелдерін үйлестімділікте өсіп тұрған және отырғызылуы жоспарланатын отырғызу-бұта өсімдіктерінің жасыл екпелерінің сандық және түрлік құрамы көрсетілген жасыл екпелерді орналастырудың схемалық құжаты;

5) жалпыға ортақ жерлер – алаңдар, көшелер, тротуарлар, өтпе жолдар, жолдар, жағалаулар, саябақтар, скверлер, қала ормандары, бульварлар, су айдындары, жағажайлар, зираттар және халықтың мұқияттықпен қарауына арналған өзге де объектілер (жалпыға ортақ инженерлік жүйелер) орналасқан және оларға арналған жерлер;

6) жасарту – қапқалы және жартылай қапқалы бұтақтарды қатты қысқарту, өркендерді сирету және реттеу, бас жағы мен бұталардың құрғақ салдарынан өзіндік декоративтік сапасын жоғалтқан, сау дінді және сүнгенді жасарту үшін жарамды ерекше ағаштардың кемінде 3,5 метр биіктіктегі діндерін кесу;

7) жасыл алқап – түрлік құрамына қарамастан кемінде 0,125 га аумақта кемінде 50 дана ағаш бар қоғалдандырылған аумақ;

8) жасыл екпелер – елді мекендердің аумақтарында қорғаныштық, санитариялық-гигиеналық, әлеуметтік, эстетикалық және өзге де функцияларды орындайтын ағаш-бұта және шөптесін өсімдіктер екпелері;

9) жасыл екпелерді жою – жасыл екпелердің өсуінің тоқтауына әкелетін зақымдану;

10) жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау-жасыл екпелерді, қоғалдандырылған аумақтар мен жасыл алқаптарды құрғақтау, сақтауға және молақтыруға (оның ішінде кесілген жасыл екпелерді өтемік қалпына келтіруге) бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдастырушылық және экономикалық шаралар жүйесі;

11) жасыл екпелерді сақтау – абаттандыру және құрылыс жұмыстарының нүктесіне түсетін, аса құнды екпелердің тұқымдарын сақтауға бағытталған іс-шаралар кешені;

12) жасыл екпелерді орман-патологиялық зерттеу – зиянкестердің (жәндіктердің) болуын арнайы зерттеу, ауру белгілерін және орман-патологиялық діндерде, тамыр жүйесі мен зиярбаста зен ауруларымен (паразиттермен) зақымдану белгілерінің болуын анықтау. Егер екпелердің 50 (елу) %-дан астамы аурулардан зақымданған болса, онда олар міндетті түрде кесуі тиіс;

13) жасыл екпелерді түгендеу (тал басын қайта есептеу) – қоғалдандыру объектілерінің сандық және сапалық сипаттамаларын толық сипаттай отырып, оларды есепке алу жөніндегі іс-шаралар кешені, сондай-ақ жоспарланған ағаштардың абабтандыру элементін графикалық бейнелеу;

14) жасыл екпелер тізлімі – жасыл екпелердің типтері, түрлік құрамы, алаңының көлемі, жай-күйі және орналасуы туралы деректер жиынтығы;

15) жеке тұрғын үй – үй маңындағы уәкелде орналасқан және шаруашылық және басқа да қарыматырмен және жасыл екпелермен бірге азаматтың меншігіндегі, жеке (отбасында) тұруға арналған үй;

16) заңсыз кесу – уәкілетті органның рұқсатынсыз жүзеге асырылатын ағаштарды кесу;

17) қоғалдандырылған аумақтар – шығу тегі табиғи өсімдіктер орналасқан, жасанды жолмен жасалған бау-сабақ кешендері мен өңделгені, бульварлар, скверлер, қоғалдар, гүлзарлар орналасқан жер уәкелесі;

18) қоғалдандыру жөніндегі ұйым – шарт негізінде елді мекен аумағындағы жасыл екпелер мен жалпыға ортақ пайдаланылатын қоғалдандырылған аумақтарды қоғалдандыру, күтіп-ұстау, күту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

19) қоғал – шоп жамылғысы мен басқа да өсімдіктерді қамтитын, тротуардан, тұрақ қаптағанынан, тұрақтардан және жолдың өзге де элементтерінен жекіктас таспен және (немесе) қоғалды қоршау мақсатында келтірілген ағаштардан тұратын аумақ;

20) күтіп-баптау жөніндегі жұмыстар – өсімдіктердің жерасты және жерүсті бөлігін күтіп-баптау (коректендіру, суару, қоныстау, санитариялық-профилактикалық іс-шаралар және өзге де іс-қимылдар);

21) мәжбүрлі түрде кесу – авариялық және төтенше жағдайларды жою кезінде уәкілетті органның келісімімен ағаштарды кесу;

22) өтемік отырғызу жоспары – отырғызудың сандық бөлігін, тұқымдық құрамын, көлемін, күнтізбелік мерзімін, сондай-ақ жоспарды негізге орайластырылған отырғызуды орналастырудың графикалық схемасын қамтитын кесуге ұшыраған ағаштарды отырғызу жоспары;

23) өтемік отырғызу – уәкілетті орган дендрологиялық жоспарға сәйкес айқындаған арнайы мақсатпен кесілген ағаштарды орнына отырғызу;

24) өтпе жол – тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға, шағын аудандар, орамдар, елді мекендер ішіндегі құрылыс объектілеріне қолқу қарандарының кіруін қамтамасыз ететін жол элементі;

25) санитариялық кесу – авариялық жағдайлар туғызатын (электр беру желілерінде, газ құбырларында зақымдану қаупі бар) ағаштарды алып тастау, тамыр жүйесі ауыспалында кәтер төндіретін) ауру, құрғап бара жатқан, құрғақ және зақымдалған бұтақтарды кесу;

26) санитариялық мақсатта ағаш кесу – жасыл екпелердің санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (шіңіра, жаншай), бұта кесу, зақымданған, құрғақ және құрғаған ағаштарды кесуі;

27) тротуар – жазы жүргізушілердің жүрінуіне арналған, жолдың жүру бөлігімен шектесетін немесе одан қоялмен немесе арық жүйесімен бөлінген жолдың элементі;

28) уәкілетті орган – жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау мақсатымен реттеу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі;

29) ұшарбақты қалыптастыру – белгілі бір эстетикалық түр беру және жасыл екпелерді жасау мақсатында олардың сәулеттік құрамын және соқпаларын белгілеу және келтіретін бұтақтар мен өркендерді, жеке-жеке ағаштарды, бұталарды және жолдың екпелерін кесу;

30) шағын сәулет нысандары – декоративтік сипаттағы және іс жүзінде пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, фонтандар, барельефтер, гүл құмыралары, паннолардан, күрекшелер, отырғызатын, құтылалар, балалар ойындары және ерекшеленген дәмелысына арналған жабдықтар мен қоршау құрылыстары);

31) іргелер аумақ – ғимараттар, құрылыстар, қоршаулар, құрылыс алаңшаларының, сулау, жарниама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың баласындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей (периметрі бойынша 5 метр шекаралары) жанасып жатқан аумақ.

2-тарау. Елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың тәртібі

4. Жасыл екпелер елді мекен шекараларында қоғалдандыру жүйесін құрайды, елді мекеннің жасыл қорына кіреді және мемлекеттік орман қоры үлескерлері және республикалық және

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ЖАСЫЛ ЕКПЕЛЕРІН ЖАСАУ, КҮТІП-БАПТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 11 ТАМЫЗДАҒЫ №38 ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Бірінші бөлім – картографиялық бейнеленген тұратын, онда әрбір жасыл екпе реттік нөмір беріледі және қайта есептеу ведомесімен сүйемелденеді. Картографиялық бейнеде жасыл екпелерден басқа, көшпелерді, жолдарды (жүру бөлігін) қоса алғанда, құрылыс салу аймағын және жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарды ескере отырып, қоғалдардың, алаңдардың, жолдардың, су айдындарының ашық учаскелері көрсетіледі.

Екінші бөлім – сипаттама, онда қоғалдандырылған объектінің сәйкестендіру сипаттамалары, дендрологиялық жоспардың сәйкестендіру сипаттамалары, өсіп тұрған жасыл екпелердің сандық және түрлік құрамы көрсетіледі, мынадай:

- 1) кесу үшін (ауру, кепкен);
- 2) қайта отырғызуға арналған; өңделмеген деген белгілерді көрсете отырып, жасыл екпелер өсетін жергілікті жердің белері, топырақтың құрамы сипатталады;
22. Дендрологиялық жоспардың ауқамы 1:10000.
23. Дендрологиялық жоспар электрондық және қағаз жеткізгіштерде жасалады және сақталыды және уәкілетті органның ресми интернет-ресурстарында жарияланады.
24. Дендрологиялық жоспар бес жылда бір рет жасалды және оны кейін уәкілетті орган түзетеді.
25. Бес жыл өткен соң климаттық ерекшеліктерге, елді мекеннің немесе оның бөлігінің жоспарлау құрылымы мен сәулеттік бейнесінің қалыптасуына байланысты жаңа дендрологиялық жоспар жасалады және бекітіледі.
26. Шағын қалаларда (халық саны 50 мың тұрғынға дейін) өзгерістер болмаған кезде қолданыстағы дендрологиялық жоспарды қайта бекітуге жол беріледі.

4-тарау. Жасыл екпелерді құру, күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі шаралар

27. Жасыл екпелерді құру, күтіп ұстау және қорғау өзара байланысты жұмыстардың мынадай кешендерін білділеді:

- 1) ағаштарды, бұталарды, көпжылдық гүлдер мен бұталы қоршауды үш жылдық күтіммен (қажет болса топырақты ауыстыру арқылы) отырғызу;
- 2) бір жылдық гүлдер мен қоғалдардың құрылысы;
- 3) ағаштарды кесу, қайта отырғызу;
- 4) үш жылдық күтіммен ағаштарды өтемдік отырғызу;
- 5) жасыл екпелерді күтіп-ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету);
- 6) жасыл екпелерді мониторингтеу, түзету;
- 27-1. Жасыл екпелерді күтіп-ұстау (жасыл екпелерді күту және оларға қызмет көрсету) келесіні қамтиды:
 - ағаштардың дінгек құмысын орнатумен және оларды қосылу және арашоштерден тазарту;
 - ағаш дінін ақтау;
 - бұталы қоршауды кесу, ағаштардың дінін көтеру, өскінді алып тастау;
 - шоп шабу, арашоштерді ақтау;
 - жасыл екпелерді қамтау (ағаштар, бұталар, көпжылдық гүлдер);
 - бүкіл вегетациялық кезеңде жасыл екпелерді суару;
 - ағаш тәжіін тәжілеу;
 - ағаштардың тәжіін қалыптастыру;
 - қанқа және жартылай қанқа бөліктерін сақтай отырып, ағаш-бұта өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне сүйеніс отырып жарықтатып кесу;
 - ағашты, құраған ағаштар мен бұталарды санитарлық кесу, дінгектерді тамырымен жулу;
 - тынайытқандықтарды ақтау;
 - жасыл екпелердің зиянкестерімен және ауруларымен күресу;
 - қуыстарды тазалау және плембалау, аралар орындарын өңдеу.
28. Жасыл екпелерді күтіп-ұстауды және қорғау жүзеге асырады:
 - 1) жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде – уәкілетті орган жүзеге асырады;
 - 2) сабақтау мен скверлерде меншік иелеріне немесе меншік иесі уәкілеттік берген адамға жүктеледі;
 - 3) өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумағында және басқа да меншік объектілерінде, сондай-ақ бөлінген және бекітілген аумақтардың бір түріне және/немесе бір мезгілде тұрғырне асау әктіні дайындайды;
 - 4) құрылыс-монтаждау жұмыстарына бөлінген аумақтарда – тасырыс берушіге жүктеледі.
29. Ағаштарды жасарту және тығыз өсетін ағаштарды сирету жөніндегі іс-шаралар вегетация басталғанға дейін немесе күздің соңында жүргізіледі.
30. Жасыл екпелерді қайта отырғызу жыл бойы оларды сақтау, қорғау және қарқынды күтім жасау бойынша қажетті шараларды сақтай отырып жүзеге асырылады. Жапырақты және қылқан жапырақты ағаштардың тиімді жеріндегі мақсатында оларды күз басталғаннан бастап ерте көктемге дейінгі кезеңде қайта отырғызылады.
31. Жұмыстарды жүргізу кезінде құрылыс ұйымдары құрылыс салуға немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу бөлігін жер учаскесінде орналасқан жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз ететін мынадай іс - шараларды орындайды:
 - 1) құрылыс алаңдарының қоршауы ағаштар мен бұталар олардың шегінен тыс қалатындай етіп орнатылады. Құрылыс алаңында қалған әр ағашты немесе ағаштар тобының айналасында ағаштың діні мен үшарбасын зақымданудан сақтауды қамтамасыз ететін және қорғаныс жасалады.
 - Ағашты-бұталы ағаштарды сақтау жұмыстарына төменгі және жоғарғы ұнарабастарды ішінара кесу, оқпандарды байлауға, бұталардың ұнарабастарын байлауға жол беріледі;
 - 2) сақталатын ағаштарды қоршаударды, шырақтарды және өзге де заттарды бекіту үшін бағаналар ретінде пайдалануға және зақым келтіруге жол берілмейді;
 - 3) ағаштардың тамырларын жалаңаштауға және дің маңындағы шеңберлерді топырақпен, құрылыс материалдарымен және қоқыспен қомутеу жол берілмейді;
 - 4) жасыл екпелер ауданында жолдарды, тротуарларды және басқа да құрылыстарды реконструкциялау және салу кезінде бұрынғы барларға қарсы тік белгілерді өзгертуге жол берілмейді. Тамыр жүйесін толтыру немесе тік тамырларды орнатумен ағаштарды және жолдарды сақтау жұмыстарына қосу жағдайлары сақтау үшін тиісті құрылғылар қарастырылған;
 - 5) машиналардың тоңалатқару тұруына, құрылыс материалдарын жинап қоюға, жанар-жағармай материалдарын, лас қалдықтарды төгуге жол берілмейді;
 - 6) кірмеқоалар мен көтергіш қрандрарды орнатуға арналған орындар жасыл екпелерден тыс орналастырылады және ағаштардың орнатылған қоршаудың бұзбайды;
 - 7) ағаштар мен бұталардың тамыр жүйесі аймағында қазу жұмыстарын тамыр жүйесіне зақым келтірмей, негізгі қанқа тамырларын орнатумен төмен жүргізіледі.
 - 8) жаңа құрылыстың барлық учаскелерінде жоғарғы өсімдік топырағын сақтайды, оны алуды және құрылыс алаңының шеттерінде үйімеуді жүргізеді.
- Бұрғыланған өсімдік топырағы аумақтарды қоғалдандыру кезінде пайдаланылады және (немесе) қоғалдандыру жөніндегі ұйымға беріледі.
32. Тротуарлар мен өтпе жолдарды асфальттау, төсеу, такталармен жабу жұмыстарын жүргізу кезінде ағашты айналасында кемінде диаметрі 1,2 метр жақын аралық шеңбер қалдырылады.

5-тарау. Уәкілетті органның елді мекенінің аумақтарын қоғалдандыру жөніндегі жұмыс жоспары

33. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда қоғалдандыру, жасыл екпелерді отырғызу бюджеттің түрлі деңгейлері қаражаты есебінен, сондай-ақ өзге де қаржыландыру көздері есебінен жүргізілуі мүмкін.

34. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аумақтарда қоғалдандыру жұмыстарын жүргізу үшін уәкілетті органдың жұмыстарын бір түріне және/немесе бір мезгілде тұрғырне асау әктіні дайындайды:

- 1) жасыл екпелің мекенжайын (орналасқан жерін), түрін, оның сипаттамаларын (оқпан диаметрі, биіктігі, жай-күйі және басқалары) көрсете отырып, болжанып отырған құраған ағашты кесу бойынша көлемді айқындау;
- 2) нақты учаскеде жоспарланған жаңа жасыл екпелердің көлемін анықтау (жасыл екпелің түрі мен атауы, отырғызу мерзімі);
- 3) түрі мен сипаттамаларын, отырғызу мерімдерін айқындай отырып, өтемдік жасыл екпелер орналасқан учаскелерінің сәйкестендіру сипаттамаларын анықтау;
- 4) ағаштың орналасқан жерін, көлемін (санын) көрсете отырып, түбірлерін қопарып қазып алу көлемін айқындау.
35. Уәкілетті органдың жасыл екпелерді сатып алуға, оларды тасымалдауға, тынайтуға, суаруға, топырақты тасымалдауға, механикаландыруға және жұмыс күшіне, сондай-ақ жаңадан отырғызылған жасыл екпелерді жеріндегі үшін кейін күтіп - баптауға жұмсалатын шығындардың құнын айқындай отырып, еркін нысандағы асау әктіні іске асыру мақсатында жұмыс көлемін айқындау үшін шығындарды қалқулызаясымен жасайды.
36. Инженерлік желілерге (электрмен жабдықтау, жарықтандыру, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау) қатысты жасыл екпелерді кесу және/немесе құраған ағаштарды кесу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде кемінде үш жұмыс күні бұрын инженерлік желілердің меншік иелерімен жұмыстарды орындау мерзімдері келісіледі және жұмыстардың уақыты мен ұзақтығын көрсете отырып, учаскедегі болжамды жұмыстар туралы халыққа, көшіп-орындар мен ұйымдарға бұқаралық ақпарат құралдары, аэлеметтік желілер немесе ұялы байланыс арқылы хабарланады.

6-тарау. Ағаштарды кесу тәртібі

37. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылысы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыстар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.

- 1) бекітілген кесу келісілген қала құрылысы құжаттамасында көзделген құрылыс қызметін, құрылыс - монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалуы қамтамасыз ету;
- 2) инженерлік абаттандыру объектілеріне қызмет көрсету, инженерлік желілерді реконструкциялау және салу, жерасты және жерүсті коммуникациялар;
- 3) авиарыялық және төтенше жағдайларды жою, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде жою;
- 4) бұрынғы бар объектілердің аумағын абаттандыру және эстетикалық түрге келтіру, жасыл екпелерін сапалық және түрлік сипаттағы өзге де жағдайлардың, жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде ағаштар авиарыялық құлаған жағдайда құлаған ағаштарды жинауды, құлаған жерлерді уақытты тазалауды және ағаш қалдықтарын шығаруды қажет көрсететін учаскелер бойынша ұйымдар жүзеге асырады.
41. Авиарыялық және төтенше жағдайларды жою кезінде, оның ішінде инженерлік абаттандыру объектілерінде уәкілетті органның келісімінегіз ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу мынадай:
 - ағаштардың, сондай-ақ олардың бұтақтарының құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың және желілердің бұлуына қауіп төндірген;
 - жол қозғалысы қауіпсіздігіне кедергілер, оның ішінде жол белгілерін көзбен шолуды жабатын кедергілер болған, жол белгілерін ауыстыру мүмкін болмаған жағдайларда жүргізіледі.
42. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу функциясы авиарыялық - құтқару қызметінің құздыларын активімен аяқталғанды, кейін уәкілетті органның мәжбүрлі түрде кескен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарланыды.
43. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде ағаштарды санитариялық кесуді уәкілетті органның жазбаша келісімі бойынша осы жер учаскесіне қызмет көрсететін қоғалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.
44. Ағаштарды кесу Рұқсат беру туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша, Жасыл екпелер тізіліміне сәйкес ағаштардың сандық, тұқымдық құрамын, жай-күйін мен орналасқан жерін дің анықтау үшін уәкілетті орган маманының алдын ала ағашты кескен жерге баруы және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелерді зерттеп-қарау әктіні толтыруы арқылы жүзеге асырылады.
45. Жеке және заңды тұлғалар ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде осы Қағидаларға 3 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасылған ағаштардың орнына өтемдік отырғызу туралы келіпід хат береді.
46. Келіпід хат жасыл екпелер мен келіпід хаттардың (үгінділер, бұтақтар, жапырақтар, қабықтар) жұмыс жүргізілетін жерде жинауға және сақтауға жол берілмейді.

7-тарау. Ағаштарды отырғызу, қайта отырғызу және өтемдік отырғызу

47. Жасыл екпелерді жойылған (кесілген) учаскеде не дендрологиялық жоспарда (қоғалдандыру жоспарында) айқындалған учаскелерде отырғызу өтемдік отырғызулар болып табылады.

Өтемдік отырғызулар өз мүдделері үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінісінен осы екпелердің бұлуіне немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

48. Оз мұқабалары үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінісінен осы екпелердің бұлуіне немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалар өтемдік екпелерге:
 - ағаштар мен бұталарға: қылқан жапырақты тұқымдарына – үш жыл бойы, жапырақты тұқымдарына – екі жыл бойы;
 - шөптесін өсімдіктерге – бір жылдың вегетациялық маусымы ішінде күтім жасауды қамтамасыз етеді.
49. Өтемдік отырғызу осы Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген күтім жасау мерзімі өткенге дейін құрып кеткен жағдайда, жеке және (немесе) заңды тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды және оларға күтім жасауды жүзеге асырады.
50. Жеке және заңды тұлғалар өз қаражатына жасыл екпелерді отырғызуды жүзеге асырғанын кейін ормандыған іс - шаралар туралы деректерді береді, ал уәкілетті орган жасыл екпелерді қабылдайтын және оларды Жасыл екпелерді есепке алу жөніндегі тізілімге енгізеді.
51. Жасыл екпелерді түгендеу және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сәйкес қайта отырғызуға жататын ағаштар уәкілетті органның жазбаша нұсқамасына сәйкес көрсеткен учаскелерге қайта отырғызылады.
52. Жеке және заңды тұлғалар ағаштарды қайта отырғызған кезде өтемдік отырғызу жүргізіледі.
53. Егер қайта отырғызу ағаштардың соңғы қалуына ерекше соққан жағдайда, осы Қағидалардың 59 - тармағының талаптарына сәйкес өтемақының өн еселенген мөлшері белгіленеді.
54. Ағаштарды қалпына келтіру қала мен елді мекенінің өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес, қажет

болған жағдайда топырақты құнарлы топыраққа ауыстыра отырып, арнайы учаскелерде жүргізіледі.

55. Ағаштарды кесуге рұқсат алған кезде қалпына келтірілетін ағаштар олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген азаматтардың және заңды тұлғалардың қаражаты есебінен он есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі.

56. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде өтемдік отырғызу және күтіп-баптау және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды өз ішатында қоғалдандыру саласындағы мамандары бар қоғалдандыру жөніндегі ұйымдар жүргізеді.

Өтемдік отырғызу кезінде бір жылдық көшеттерді пайдалануға жол берілмейді.

57. Өтемдік отырғызулар мынадай мөлшерлерде:
 - 1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның рұқсаты бойынша жасыл екпелер кесілген, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы ғимараттарға, құрылысжайларға іргелес аумақта олар құрып кеткен кезде – он еселенген мөлшерде;
 - 2) жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) кезде не олардың түрлері кетуіне алып келген бұлуіні кезінде – елу еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.
58. Сирек кездесетін және жойылған кету қауіп төнген өсімдік түрлерінің тізібіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың құрып кетуіне алып келген бұлуінде жағдайда – бір жүз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

59. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалын мөлшерін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 265 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33476 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган есептейді.

60. Ағаштарды өтемдік отырғызу кесетінін биіктігі кемінде 2,5 метр жапырақты ағаш көшеттерін немесе кесетінін биіктігі кемінде 2 метр қылқан жапырақты ағаш көшеттерін отырғызу арқылы жүргізіледі.

Көшеттердің жоғарғы тамыр жүйесінен дінінің диаметрі 3 сантиметрден кем емес болуы, дің бөлігінің 1,3 метр жоғары болуы қажет.

61. Ағаштарды кесу кезінде өтемдік отырғызу уәкілетті органның рұқсаты бойынша және (немесе) ағаштарды заңсыз кесу, жою немесе бұлуіру кезінде кесу, ағаштарды жою немесе бұлуіруы орнын 1 километр радиуста аумақта жүргізіледі.

Өтемдік отырғызу үшін кесу орнын 1 километр радиуста бос орын болмаған кезде өтемдік отырғызу аумағын уәкілетті орган жазбаша түрде көрсетеді.

62. Ағаштарды мәжбүрлі түрде кесу кезінде өтемдік отырғызу қоғалдандыруды, қоғалдандыру жөніндегі ұйымды тарта отырып, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде жүргізіледі.

63. Өтемдік ағаш отырғызу дендрологиялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

64. Жол - көлік оқиғасы салдарына жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерде және жеке аумақтарда өсетін жасыл екпелер механикалық зақымданған немесе жойылған жағдайда қиылы тарап көшеттер отырғызу арқылы бұлінген немесе жойылған екпелерді бес есе өтемдік қалпына келтіруді жүргізеді.

65. Өтемдік ағаш отырғызу жөніндегі жұмыстар аяқталғанын кейін жеке және заңды тұлғалар бір ай ішінде уәкілетті органды өтемдік отырғызу жоспарына сәйкес жұмыстардың орындағаны туралы жазбаша түрде хабарлар етеді.

66. Келіпід хатқа сәйкес жеке және заңды тұлғалар өтемдік отырғызу сәтінен бастап үш жыл ішінде (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі) осы Қағидалардың 26-тармағының 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларына сәйкес көшеттерді күтіп - ұстау және қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

67. Өтемдік отырғызуды жүзеге асырған жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органдың бірлесіп, осы Қағидаларға 4 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасыл екпелердің жерсінү әктіні жасайды және одан әрі күтіп - ұстау үшін тиісті өкшілшік-аумақтық біріктіріп жергілікті атқарушы органның теңгеріміне береді.

68. Уәкілетті орган өкше ағаштарды Жасыл екпелер тізіліміне енгізеді.

69. Отырғызылған көшеттер өтемдік отырғызу кезінде жойылған жағдайда, олардың мүддесі үшін кесу жүргізілген тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды жүргізеді және оларды қайта отырғызу жүргізілген сәттен бастап үш жыл бойы (ағаш көшетінің жерсінү кезеңі) күтіп - ұстау және қорғау жөніндегі одан әрі іс - шараларды қамтамасыз етеді.

Қызылорда облысының Жасыл екпелерді күтіп-ұстауды және қорғауды қағидаларына 1-қосымша

Нысан

_____ жылғы 1 қаңтардағы Жасыл екпелер тізілімі Жасыл екпелер объектілерінің (учаскелерінің) алаңын жерін санына, өсімдіктің типіне, функционалық мақсатына қарай болу Қала-сілтеме Жауапты иесі:

Р/с №		Жердің функционалдық мақсаты (екпелер саны)	Ағаш өсімдігі				Жол бойындағы екпелер, дана	Жыныс, дана	
түгендеу/жасыл еспе паспортының №	Бірді-жарым ағаштар, дана		Топтар, куртинған, дана	Тоғайлар, алқаптар, дана	Жол бойындағы екпелер, дана				
Бұталы өсімдіктері									
Бірді-жарым, дана	Жасыл қоршым кума метр (к.м.)	Қағарлап отырғызу, дана	Топтық отырғызу, дана	Барлығы к.м./дана					
Ашық кеністіктер									
Гүлгүлдер				Қоғалдар					
Жазғы, м²	Көпжылдық, м²	Көтпейнерлік, дана	Вазон, м²	Альпипарий, рокарий, м²	Жыныс м²/дана	Партерлік, м²	Кәдімгі, м²	Жер қыртысының сыныптық жамылғысы, м²	Жыныс м²/дана

Қызылорда облысының Жасыл екпелерді күтіп-ұстауды және қорғауды қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Жасыл екпелерді зерттеп-қарау әктісі

Р/с №	Жасыл екпелер табиғи құрамы	Сақталыды		Кесуге рұқсат		Рұқсатсыз кесу				
		дана	жасыл жыл	дана	жасыл жыл	дана	жасыл жыл			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										
2										
Барлығы:										
Қорытынды										
жасыл екпелерді зерттеп-қарау әктісі										

Ескертпе: Зерттеп-қарау әктісі жасыл екпелерді кесуге немесе қайта отырғызуға құқық беретін құжат болып табымайды.

Жеке немесе заңды тұлғаның өкілі _____ қолы (Т.А.Ә.)

Уәкілетті органның лауазымды адамы _____ қолы (Т.А.Ә.)

Қызылорда облысының Жасыл екпелерді күтіп-ұстауды және қорғауды қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Р/с №	Жасыл екпелер табиғи құрамы	Сақталыды		Кесуге рұқсат		Рұқсатсыз кесу				
		дана	жасыл жыл	дана	жасыл жыл	дана	жасыл жыл			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1										
2										
Барлығы:										
Қорытынды										
жасыл екпелерді зерттеп-қарау әктісі										



ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ ЖАҢА ҚҰРАММЕН ТОЛЫҚТЫ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада сырбойылық журналистер Қазақстан Журналистер одағына мүшелікке қабылданды.



28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай олар одақтың куәлігі мен төсбелгісіне ие болды. Шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша және «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институтының директоры Бауыржан Елеусінов қатысты.

– Ең алдымен, барлығыңызды кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Бұқара мен билік арасындағы алтын көпірге айналған журналистер қауымы қоғамның белді мүшелері десем қателеспеймін. Кәсіби мерекеде марапат төрінен көрініп,

тілектеспін, – деді облыстық филиал төрағасы.

Сонымен бірге аталған іс-шарада тілшілер Қазақстан Журналистер одағының марапатына ие болды.

Айтар болсақ, БАҚ қызметкерлері арасында өткізілген республикалық конкурста жеңіске жеткен «Kzvesti.kz» ақпараттық агенттігінің шеф-редакторы Мира Жакибаева Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. «Әлімсақ» және «Ұстаз мәртебесі» басылымдарының редакторы Нұрлан Көбегенұлы одақтың «Алтын медаль» иегері атанды. Бұл марапат быылдан бастап тұңғыш рет беріліп отыр.

Сондай-ақ отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқаны үшін бірқатар БАҚ саласының қызметкерлері «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Олардың қатарында



одаққа мүше болғалы тұрған жандарды құттықтай келе, еңбекте табысты болыңыздар дегім келеді. Сіздерге шығармашылықтың шыңына жететін күш-қуат тілеймін, – деді басқарма басшысы.

Биыл мүшелікке қабылданғандардың дені жастар. Олардың қатарында өңірлік коммуникациялар қызметінің бөлім басшысы Нұрай Ақжігіт, облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Жанат Жәліева, облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай, «Qogam TV» телеарнасының редакторы Нұрбол Серікбай және осы арна дикторы Шапағат Торғаева бар. Сонымен қатар газет авторлары Баймырза Қожамбердиев, Әлімжан Қияс, аймақтық «Шарайна-Сейхун» газетінің тілшісі Ғазиза Рүстембек және Сандуғаш Рамберді одаққа мүше болды.

– Жылдағы дәстүрге айналған іс-шара биыл да өз жалғасын тапты. Қалам ұстап, қасиетті мамандықтың бел ортасында жүрген жандарды мүшелікке қабылдап отырмыз. Еңбектеріңіз еленіп, абырой биігінен көрінулеріңізге

облыстық «Қызылординские вести» газетінің меншікті тілшісі Максұт Ибрашев, «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары Айдана Жұмадинова, «Qyzylorda» телеарнасының арнаулы тілшісі Әкімжан Жолтаев, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің жауапты хатшысы Жанар Сыдық, «Ақпарат.KZ» газеті бас редакторының орынбасары Думанай Абдулпаттаева, облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Тұрарбек Бекмырзаев және «Жаңақорған тынысы» газетінің дизайнері Жасұлан Сейдеметов бар.

Айта кетейік, Түркі әлемінің ортақ үнін жұртшылыққа жеткізуге қосқан үлесі үшін «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Дәуіржан Елубаев халықаралық «ГҮРКСОЙ» ұйымының Алғас хатымен марапатталды. Іс-шарада Бауыржан Елеусінов пен Баймырза Қожамбердиев журналистер қауымын мерекемен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

ҚАЗЫНА

ҚАЛАМҒЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРМЕСІ

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық қоғамның құрамдас бөлшегі ретінде билік пен бұқараның арасындағы дәнекер ғана емес, еліміздің талай табыстары мен зор жетістіктерінің жаршысы болып келеді.

Қоғам жаршыларының атаулы күніне орай облыстық мемлекеттік архив қорында сақталған Қазақстанның Құрметті журналисі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Қаршыға Есімсейітованың жеке тектік құжаттарынан «Ұшқыр ойлы қаламгер» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты – елге белгілі ақын, журналистің өнегелі өмірі мен еңбек жолын көпшілікке таныстыру, жастарды шығармашылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Шараны облыстық мемлекеттік архив басшысы Ж.Абзаліева ашып, облысымыздың руханиятын, мәдениетін, тыныс-тіршілігін көрсетіп, жаналықтардың жаршысы болып жүрген ақпарат саласы қызметкерлерін мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар



қатысушыларға дала шежіресі мен қазақ тарихын, әдебиетін зерделеп, зерттеп, қазақтың «Алтын қорына» тарихи деректерді қосып жүрген қаламгердің өмірі мен еңбек жолы, жеткен жетістіктері туралы құжаттар таныстырылып, архивтің құрылу тарихынан бейнеролик көрсетілді.

– Мұнда ақынның өмірбаяны мен шығармашылығына қатысты түрлі құжаттар мен Журналистер, Жазушылар одағына мүшелік билеті, сонымен қатар Шиели ауданының Құрметті азаматы атағының берілгені туралы куәліктері қойылған.

Архивте қоғам қайраткерлері

мен облысқа танымал, есімі елеулі ақын-жазушылардың жеке тектік құжаттары арнайы сақталады. Қазіргі таңда жалпы 50 шақты тектік құжат бар. Алдағы уақытта да арнайы тізім бойынша қоғамға белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттары архивке алынып, көрмелерге қойылатын болады, – дейді облыстық мемлекеттік архивінің архив құжаттарын пайдалану және жариялау бөлімінің ІІ санатты археографы Аманкүл Қапанова.

Дина БӨКЕБАЙ,
«Сыр бойы»

ӘУЛЕТТІҢ ОТЫН МАЗДАТҚАН ӘЙЕЛДЕР

Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміздің ерекшелігі мен ортақ ұқсастығы біреу-ақ: олар қазақтың әменгерлік салтымен күйеуге тиген. Үшеуі – үш буынның өкілі. Бірақ тағдырдың пешенеге жазуымен бәрінің таңдауы бірдей болды.

Қазіргі жастар әменгерліктің не екенін білмеуі мүмкін. Сондықтан этнограф-ғалым Сейіт Кенжеакметұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан анықтама келтірейін: «Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болғанда оның жесірі жас болса «Ерден кетсе де, елден кетпек жоқ», «Аға өлсе, іні мұра» деген қағидамен, әменгерлік жолмен күйеуінің аға не інісінің біреуіне өзінің таңдауы бойынша тұрмысқа шығады. Бұл дін жолымен де негізделген. Жесірді басқа жаққа жібермеудің әлеуметтік маңызы бар. Біріншіден, әйел де, оның балалары да туыс-туғанынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында бірге тәрбие алады. Өмірде, тұрмыста қағажу, қиындық көрмейді. Екіншіден, жесірдің кетуі сол елге үлкен мін саналған. Егер әйел тиісті әменгерлігіне шықпай, басқа біреуге шығатын болса, бұрынғы күйеуінің мал-мүлкінен үлес ала алмайды, өз төркінінен келген мүлкімен ғана кете алады. Мұны қазақша «іргеден шығару» дейді».

Ру ақсақалдарының, туыстарының ортақ ұйғарымымен көне салтымызға көнген жандардың бірі – Сырдария ауданы Сәкен Сейфуллин ауылының 86 жастағы тұрғыны Құлтай Нұржанова.

– Бірінші күйеуіммен 18 жасымда көңіл жарастырып, отау құрдық. Тоғыз жылдан кейін сұм ажал оны арамыздан алып тынды. Екі қыз, екі ұлмен жесір қалдым, – дейді кейуана.

Арада жарты жыл өткесін туған қайнағасы әйелінен айырылған. Оның бір ұл, екі қызы бар екен. Ендігі жерде балаларды жетімсіретпеу үшін ағайын-туыс ақылдаса келе әменгерлік жолмен екеуін қосуды ұйғарыпты. Сөйтіп, Құлтай әже өмірге тағы бір ұл, төрт қыз әкеліп, отағасымен бірге барлығы 12 баланы бағып-қақты. Кейуана қазір балаларының ортасында немере-шөберенің қолынан су ішіп отыр.

– Анам 5 жасымда дүниеден кайтты. Еміс-еміс есімде, екі үй көрші орналасқан болатын, ата-әжемсіз қасымызда. Бір үйдің балаларындай араластық. Құлтай анамыз бізді бөліп-

жарған емес. Әкемізбен иық тіреспіп егіс басында еңбек етті. Әкеміз тілге жүйрік, қолынан келмейтіні жоқ бесаспап кісі еді, – дейді қызы Рахима Нұржанова.

Құлтай әже әменгерлік жолмен қосылған жолдасының ешқашан атын атаған емес. «Біздің үйдің кісісі» дейді екен.

– Шешеміз әлі күнге тың, Аллаға шүкір. Көңіліңіз кеңдігі шығар, бір-бірімізді жатсынған кезіміз жоқ, – дейді қызы Ләйла Нұржанова.

Ал екінші кейіпкеріміз Қызылорда қаласының тұрғыны Байасұл Сқақованың жасы – 58-де. Ол да оң-солын танып үлгермей 19 жасында тұрмысқа шыққан. Отбасылық өмірінің алғашқы бөлігі небәрі жеті-сегіз жылға созылған.

– Марқұм менен 12 жас үлкен-тұғын. 40 жасқа қараған шағында аты жаман аурудан айыға алмай қайтыс болды. Төрт баламен – екі ұл, екі қызыммен 26 жасымда жесір қалдым. Кенжеміз бесікте болатын ол кезде. Күйеуімнің жылдық асын берген соң әулеттің үлкендері жиналып, ақылдасып, мені қайнағамға қосу туралы ұсыныс білдірді. Өтірік айттып қайтпейін?! Басында көңіліңізді көркініме кеткім келді. Бірақ төрт баламды қайнағамның балалары жібергісі келмей құшақтап тұрғанын көргенде көңілім босап кетті. Не де болса балалар бірге болуы керек деген шешімге келдім. Ол кісіден төрт ұл тудым. Алғашқы әйелінен (ол да ауырып дүниеден өткен – авт.) бес баласы бар, – дейді Байасұл Сқақова.

Әменгерлікпен қосылған күйеуін кейіпкеріміз «аға» деп атаған. Марқұм 74 жасқа қараған шағында осыдан үш-төрт жыл бұрын науқастанып қайтыс болған. Байасұл ападан 21 жас үлкендігі бар екен. Бірақ пейілі жаздай жанның бес баланы «өзімдікі емес» деп өгейсіткен кезі болмапты.

– Кішкентай кезінде кімді әуелі бөсеуіне алатынымын. «Үсті кірлеп, киімі тозып кетіпті» деген әңгіме-сөзге қалғым келмейтін. Балаларымыздың әкелері көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар еді. Қаталдау тәрбиенің арқасы шығар, бәрі сымға тартқандай тәртіпті болып өсті. Аллаға шүкір, 13 балам да кез келген мәселеде менімен кеңеседі. Күйеу бала, келіндерім, 30 шақты немерем бар, бәрі үйге жиналғанда бір қауым елге айналамыз. Әулет ақсақалдарының сөзінен асып кетпей, әменгерлік салтын сақтағаның себебінен балаларым әжеңіз

жогтығын білмей өсті. Қайнағам, яғни екінші күйеуім де ешқайсысын бөліп-жарған жоқ, – дейді кейіпкеріміз.

Біз әменгерлікті ескіліктің сарқыншағы деп ойлауымыз, енді оған қайта оралмайтынды көрінуіміз мүмкін. Алайда, келесі кейіпкерлеріміз көне дәстүрді ХХІ ғасырда да жаңғыртып отыр. Түркістан облысы Бәйдібек ауданының тұрғындары Жәніс Сейдаханов келіні Сандуғаш Садықпен қалай отау құрғаны жөнінде бытыр подкаст жобалардың бірінде айтқан болатын.

– Марқұм інімнен екі бала қалды. Сол кісіні анам қатты ұайымдады. Екі бала туралы жиі айта бергесін ол кісіге келініме әменгерлікпен қосылу туралы ойымды жеткіздім, – дейді Жәніс Сейдаханов.

Сандуғаш Садық оның інісімен жеті жыл бір шаңырақ астында өмір сүрген. Айттып келмейтін жол апаты бір сәтте өмірін жалғамын. Артында көздері жәудіреп екі бала қалыпты. Қайнағасының ұсынысына өзі де, марқұм әкесі де қарсы болған. Тек анасының үгіттеуімен рұқсатын берген.

– Маған сезімнен бұрын екі бауырым қатты ыстық болды. Оларды жәулеткім келмеді. Сол кезде жүріп жүрген қызым болды. Оған айттып тұсіндірдім. Мен қайнағамсыз, ол келін болып тұрғанда, маған тұрмысқа шыққанша көзіме тіке қараған емес, – дейді Жәніс Сейдаханов.

Әменгерлік дәстүр негізінде отау құрған жас жұбайлар бүгінде бес баланы бағып-қағып отыр.

Бұл – бұрын ата-әжелеріміздің арасында кенінен қолданылған дәстүр. Әменгерліктің басты мақсаты – баланың тегін ұмытпауына ықпал ету және оны өзге біреуге жүзгендетпеу.

Осы орайда ғалым, сынып Дандай Ыскақтың баспасөзге берген сұхбатындағы пікірі көңілге қонды.

– Бұл дәстүрдің түп-тамырына үңілсек, одан жеті атасын танып-біліп келген баланың қанының тазалығы, сау ұрпақты дүниеге әкелу секілді маңызды мәселелердің шешімін табуға болады. Сонымен қатар қазақ баланың жасық болып өсуіне жол бермеген. Ал жесір әйел өзі үйренген ортасында қалып, баланың дұрыс тәрбие алуына атсалысқан, – дейді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабы 1-тармағына және қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес 2024 жылдың 15 шілдесінде бастап 20 жұмыс күні ішінде орман қорының жерлеріндегі «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының жерүсті объектілерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін жалпы алаңы 51,3574 га, «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 8,4500 га, «Кармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 15,1128 га, «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 13,8381 га, «Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 13,9137 га, «Шиелі

орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 0,0428 га магистральдық газ құбыржолдарды салу бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайттыңда (Ecorportal.kz) танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

Тапсырыс беруші: «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС, БСН 110140008803, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, №53.

www.facebook.com/syrboiy.kz/

Меншік иесі
СЫР БҮЙ
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымында газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.